

## Тереңкөл ауданы Воскресенка ауылдық округінің аумағында қауымдық сервитут белгілеу туралы

Павлодар облысы Тереңкөл ауданы Воскресенка ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 12 желтоқсандағы № 1-03/06 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 26 желтоқсанда № 6679 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 19-бабы 1 -1) тармақшасына, 69-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 1-тармағы б) тармақшасына сәйкес Воскресенка ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Тереңкөл ауданы Воскресенка ауылдық округінің аумағында жер пайдаланушылардан жер учаскелері алынбай қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Воскресенка ауылдық  
округінің әкімі

О. Жаркина

Воскресенка ауылдық  
округінің әкімінің  
2019 жылғы 12 желтоқсандағы  
№ 1-03/06 шешіміне  
қосымша

Р/ с №	Пайдаланушы	Ауданы , гектар	Ұзындығы , метр	Нысаналы мақсаты	Пайдалану мерзімі (жыл)	Жер телімінің орналысқан жері
1	"Воскресенка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	1, 8496	12909	Су құбырын және су құрылғыларының құрылысын салу	50	Воскресенка ауылдық округінің аумағында